

Нұр-Сұлтан қаласы Білім беруді жаңғырту орталығы



Бөлім тақырыбы:

Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен

Сабақтың тақырыбы:

Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешені

9-сынып. Қазақстан тарихы

Пән мұғалімі: Жанибекова Лаззат Болатовна,

№25 орта-мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың оқу мақсаты:

- 9.3.1.1. Қоғамдық саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және интерпретация жасау;
- 9.3.2.1 ХХ ғасырдың екінші жартысындағы әскери өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау.

Ұйымдастыру кезеңі.

Қырғиқабақ соғыс саясаты Кеңес одағында әскери өнеркәсіптік кешенінің ауқымды дамуына негіз болды. Бұрын әскери өнім шығарған КСРО-дағы кейбір кәсіпорындар көпшіліктің сұранысына ие болған өнімдерді шығаруға бағыт алды. Қазақстанда ірі әскери кәсіпорын өндірісі жұмыс істеді. Кеңес Одағында атом қаруын жасау жұмыстары қарқын алды. Қазақстанда ядролық қару жасаудан уран өндіруден бастап ядролық қаруды сынауға дейінгі барлық кезеңдерін қамтитын қуатты ядролық ғылыми өндірістік кешені құрылды. 1947 ж. 1 тамызда Қазақ КСР-де сынақ алаңын құру туралы шешім қабылданды.

1949-1989 жылдар

- 470-тей жарылыс жасалды.

Алғашқы сынақ

- 1949 жылы 29 тамызда сағат 6:30 да болды.

Жарылыстың қуаты

- 30 килотонна

1951 жылы 18
қазанда

- Уран бомбасы

1961-1962 жылдары

- Жер үстінде 50-дей ядролық сынақ болды.

1963-1988 жылдар


- Жылына 14-18 сынақ өткізілді.
Жер астында 343 жарылыс болды

1953 жылы 12 тамыз

- Жер үстінде 500 килотонна болатын сутек бомбасы жарылды.



1989 ж. ядролық қаруды сынауға мораторий жарияланды. 1991 ж. 29 тамызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Семей сынақ алаңын жабу туралы» Жарлыққа қол қойды. 1995 ж. 1 маусымда Семей ядролық сынақ алаңында 130 м. тереңдіктегі ұңғымада ұзындығы 592 м. сынақ үшін дайындалған соңғы ядролық заряд жойылды.



- Әскери өнеркәсіптік кешен деген не?
- Ядролық сынақ алаңын құру туралы шешім қашан қабылданды?
- Сынақ қай облыстардың түйіскен жерін алып жатты?
- «Семей сынақ алаңын жабу туралы» жарлыққа Елбасы Н.Ә.Назарбаев қашан қол қойды?

1-тапсырма. «Тірек сызба әдісі» арқылы



Дескриптор:

Білім алушы

- «Тірек сызба әдісі» арқылы берілген сұраққа жауап береді

2-тапсырма. «Жылдар сөйлейді әдісі»

№	Жылдар	Болған оқиғалар
1	1941 жыл	
2	1942 жыл	
3	1947 жыл 1 тамыз	
4	1949 жыл 29 тамыз	
5	1953 жыл	
6	1955 жыл	
7	1961 жыл	
8	1991 жыл 29 тамыз	
9	1995 жыл	
10	1989 жыл	

Дескриптор:

Білім алушы

□ «Жылдар сөйлейді әдісі» бойынша берілген жылдарда болған оқиғаларды анықтайды.

3-тапсырма. Оқиғаның ақиқат не жалған екенін анықта.

	Оқиғалар	Ақиқат	Жалған
1	КСРО-дағы тұңғыш атом бомбасы Семей полигонда сыналды.		
2	Семей полигоны үшін 36млн гектар жер бөлінді.		
3	Дегелең тауы ядролық сынақтың әсерінен жойылып кетті.		
4	Орта Азия елдері ядролық қарудан азат аймақ туралы шартқа қол қойған.		
5	Семей полигонын 15 мың құрылысшы салды.		
6	1979 жылы 19 қазанда Семей полигонында соңғы жарылыс болды.		
7	Атом бомбасын ең алғаш қолданған ел-АҚШ.		

Дескриптор:

Білім алушы

- Оқиғаның ақиқат не жалған екенін анықтап, кестені белгілейді. (+;-)

Оқу тапсырмасы

Тақырыпты оқып, мазмұндау, қосымша мәліметтер табу